

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙ (А1) КӨЛЕМІНДЕ МЕҢГЕРУДІҢ
СИПАТТАМАСЫ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ:**

ТЫҢДАЛЫМ	Тіл қолданушы жай, баяу, анық айтылған сөздерді түсінеді, қарапайым нұсқауларды орындай алады.
ОҚЫЛЫМ	Тіл қолданушы қысқа қарапайым мәтіндерді (қарапайым қысқа сипаттамаларды, суреттер арқылы берілген сипаттамаларды, қарапайым және қысқа жазбаша құрылымдарды, ресми құжаттардың қарапайым үлгілерін (қысқа ашық хаттарды, хабарландыруларды), таныс есімдер мен сөздерді жай сөйлемдерді) оқи алады.
	Жалпы бағдар мақсатындағы оқылым
	Тіл қолданушы таныс есімдерді, сөздерді, күнделікті өмірде кездесетін қарапайым фразалар мен хабарландыруларды, кейбір жарнама мәтіндерін оқи алады.
	Нұсқауларды оқу
	Тіл қолданушы қысқа, қарапайым жазбаша нұсқауларды басшылыққа ала алады (<i>мысалы, X пунктiнен Y пунктiне қарай жүру</i>).
	Хат-хабарларды оқу
ЖАЗЫЛЫМ	Тіл қолданушы өзі, жұмысы мен таныс адамдары және мекенжайы туралы, жай сөйлемдер мен фразаларды жаза алады.
	Тіл қолданушы бір-бірімен байланыссыз жай сөйлемдерді жаза алады.
АЙТЫЛЫМ	Тіл қолданушы таныс тақырыптар аясында сұрақ қойып, жауап бере алады. Өзіне бағытталған қарапайым лебіздерді түсіне алады. Тіл қолданушы өзі және басқа адамдар (мекенжайы, қызметі, өмірбаяны) туралы айта алады; алдын ала дайындалған хабарламаларды таныстыра алады.